



# ШАМШЫРАҚ

Сәуір 15 Жұма 2016

№ 18 (10126)

## АУДАН ӘКІМІНІҢ ІС – САПАРЫ



### ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

◆ Ауданымызда білім саласы бойынша 4 мектеп, 1 балабақшаның құрылысы жүруде. Аудан әкімі Қ.Әбдуәлиев жаңадан бой көтеріп жатқан білім ошақтарының құрылыс нысандарын аралап шықты. Алдымен облыстық бюджеттен салынып жатқан Күмісбастау ауылындағы 200 орындық мектепте болды. Құрылыс нысандарын жүргізіп жатқан мекеменің басшыларымен кездесіп, құрылысты кестеге сәйкес сапалы жүргізуді тапсырды. Бүгінде есік, терезелер, сыртқы әрлеу жұмыстары, жылу мен спортзал жұмыстары толық аяқталған мектеп алдағы оқу жылында ел игілігіне берілмек.

◆ Құрылысы қызу жүріп жатқан тағы бір нысан Рысқұлов ауылдық округі, Жаңаталап ауылындағы 150 орындық мектептің құрылысын аралаған әңір басшысына мердігер «Ұйтас» ЖШС –нің басшысы алдағы атқарылатын жұмыстардың барысын және көгалдандыру жұмыстары жайлы айтып берді. Аудан басшысы нысанды мерзімінен кешіктірмей аяқтауды мердігерге жүктеді.

◆ Балықты ауылдық округі, Шарафкент ауылындағы аудандық бюджеттен тұрғызылып жатқан 150 орындық

◆ Аудан басшысы құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан барлық мердігер компанияның өкілдеріне құрылыс нысандарының сапасы қатаң талапқа сай болуы керек деп ескертті. Құрылысқа қатысты мекеме басшылары мен бөлім басшыларымен тілдесіп, жоба-сметалық құжаттамаларда көрсетілген жұмыстардың іске асуын, өндірістік кестенің сақталуын қадағалауды тапсырды.

### АЛМА БАУЛАРЫ ЖАЙҚАЛЫП ТҮР

◆ Аудан әкімі Қ.Әбдуәлиев ауданда ауылшаруашылық саласын дамыту мақсатында интенсивті негізде өгілген алма бауларды аралап, бағбандармен кездесті. Алдымен аудан басшысы Майтөбе ауылындағы «Мөлдір» ЖШС-нің Түркия елінің «Яула Филис» компаниясымен бірлесіп, 115 гектар жерге өгілген интенсивті алма бауын аралады. Алдағы екі жылда өнім бере бастайтын алманың «Голден Делишес», «Фуджи», «Старкримсом» тағы басқа да сорттары жайқалып, өсіп тұр. Алдағы уақытта аталған шаруашылық алма, жүзім, жаңғақ жемістерін көбейтуді қолға алатынын жеткізді. Сонымен қатар, аталған шаруашылық алма көшеттерін өсіретін 5 гектар жерге алма бақ (питомник) жұмысын жолға қойып, өсіріп, аудан, облыс шаруашылықтарына жоғары сапалы (вируссыз) көшетпен қамтамасыз ету жұмыстары да нәтижелі болуда. Бүгінде алма көшеттерін облыс және аудан тұрғындары көптеп алуда.

◆ Аудан басшысы осы «Мөлдір» ЖШС-нен алма көшеттерін алып, 40 мың түп алма өккен «Түлкібас сервис» ЖШС-де болып, алма бауларды аралап, бағбандармен тілдесті. Бүгінде ауданда ірі және ұсақ шаруашылықтар өсіріп жатқан алма көшеттері жайқалып, өсіп тұрғаны көз қуантады.

◆ Жалпы ауданда 2791 гектар жер алма бау бар. Алдағы уақытта өңірімізде алма бауды көбейту мақсатында бос жатқан жерлерге алма бау егуді, әрбір мекеменің аулаларына, әрбір азамат өз үйінің айналасына алма бау егуді қолға алмақ. Мұндағы мақсат – ауданды жасыл желекпен көркейту, алма бауын еселеу арқылы тамақ

## “БІЗ БІРГЕМІЗ” АКЦИЯСЫ

Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуметтік инфрақұрылымдық нысандарға кедергісіз кіріп-шығуына жағдай жасауға арналған аталмыш акция аясында отандастарға

## ҮНДЕУ

Құрметті отандастар!

2008 жылы мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясына қол қойылған сәттен бастап, Қазақстандағы барлық заңнамаларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, білім беру, денсаулық сақтау, мәдени, әлеуметтік қорғау және т.б. нысандарға және қызмет көрсетулерге барлық азаматтардың теңдей қол жеткізуін қамтамасыз етуге еліміз өзіне міндеттеме алған болатын. Бұл бағытта мүгедектердің жүріп-тұру шектеуін ұзартып, әлеуметтік өмірдің барлық саласында - еңбек етуде, демалуда, білім алуда, әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуде мүгедектерге тең мүмкіндікті қамтамасыз ету үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне, көлікке, байланыс пен ақпаратқа қол жеткізуге жағдай жасалуы тиіс.

Қазіргі таңда әлеуметтік маңызды (мектептер, ауруханалар, кітапханалар, әлеуметтік қорғау және т.б.) нысандарды, автобөкеттерді, теміржол бөкеттерін ерекше қажеттілігі бар адамдарға бейімдеу үшін ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, осы бағыттағы жұмысты ұйымдастыруда орын алған проблемалар мүгедектерді қоғам өміріне бейімдеуді кешенді түрде шешу қосымша күш-жігерді талап етіледі.

Мұқтаж адамдардың толыққанды және жайлы өмір сүруіне жағдай жасау және оларды қолдау әлеуметтік сала қызметкерлерінің ғана міндеті емес, баршамыздың парызымыз деп қарауымыз керек. Мүмкіндігі шектеулі бауырларымызды қоғамнан тыс қалдырмай, бірге алып жүру - азаматтық борышымыз.

Бүгінгі таңда ауданда 4418 мүгедектер тұрады, олардың 800-ге жуығы тірек-қимыл аппараттары бұзылған, оның ішінде 208 мыңы арнаулы жүріп-тұру құралдарымен (қол арбада) қозғалады, 270 мың азаматтың көру және есту қабілеттері нашар. Осыны ескере отырып, біздер ауданда орналасқан әлеуметтік инфрақұрылымдық нысандарға мүгедектердің еркін кіріп-шығуына жағдай жасау үшін “Біз біргеміз!” атты бір айлық - акцияны бастағалы отырмыз (2016 жылдың 20 сәуірі - 2016 жылдың мамыры аралығында).

### Құрметті акцияға қатысушылар!

Біздің бүгінгі дәулетіміз де, сәулетіміз де Қазақстан тәуелсіздігінің жетістігі, мемлекет жүргізіп отырған оңды саясаттың, экономикалық реформалардың жемісі, тірлігімізге арқау болып отырған бірлігіміздің арқасы. Олай болса, жанымызда жүрген немесе үйде отырған мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдайық! Қазақстанды мекен еткен барша азаматтардың мақсаты бір, мүддесі бір, болашағы бір. Ендеше, мүмкіндігі шектеулі жандардың өздерін езгеден кем санамай, толыққанды азамат ретінде сезінуіне жол ашып, бауырларымызға қолдау көрсетейік!

Аудан әкімдігі.

АКЦИЯ

# АУЫЛДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Дауан ауылы, "Дауан" мешітінде жамағатпен кездесу өткізілді. Кездесуде діни экстремизмнің алдын алу, кереғар діни ағымдардың теріс іс - әрекеттерінен сақтандыру туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кездесуде ҰҚК аудандық бөлімшесі, аудандық ішкі саясат бөлімі, аудандық "Түлкібас ата" мешітінің бас имамы және "Шамшырақ" газетінің тілшісі қатысты.

Кездесуді аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Ш. Сақыбеков ашып, жиналған қауымды кездесуге қатысушылармен таныстырып, аудандағы діни жағдай туралы және халықаралық ланкестік топтар туралы

айта келіп, еліміздің заңдарына сәйкес Ислам дінінің теріс бағытын ұстанған 20 діни ағымның атын атап, ел ішінде жұмыс жүргізуге тиым салынғанын және дәстүрлі емес діни ағымдардың арбауына білместіктен түсіп қалудан сақтандырады.

Дін тазалығы туралы әңгімесін өрбіткен аудан имамы Р. Ерменбаев кереғар діни ағымдардың қатарына тұрғындар мен жастардың діни сауатсыздықтан кіріп кетуден сақ болуға шақырады. Дәстүрлі Ислам дінінің құндылықтарына тоқталып, оның қазақ халқының салт - дәстүрімен сабақтастығына көңіл бөледі. Кездесуге қатысқан жамағаттың сұрақтарына нақты жауаптар қайтарылды.

Аудандық ақпараттық - насихаттық топтар ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары, студент жастар және ұйымдар қызметкерлерінің діни білімдерін арттыру мақсатында төрт бағытта жұмыс жүргізуде. Мәселен наурыз айында облыстық әлеуметтік бастамалар орталығының теологы Ұ. Алиакбарұлы аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен, Түлкібас агробизнес және саяхат колледжінде студент - жастармен кездесулер өткізді. Ал ауылдық ақпараттық - насихаттық топтар Абай мектеп - лицейі, Ломоносов мектеп - гимназиясы, Ю. Титов, М. Шаханов жалпы орта мектептері оқушылармен және Тастұмысқ, Амангелді, Жаскешу, Рысқұл ауылдарында тұрғындармен кездесулер өткізді.

Өз тілшіміз.

# САПАЛЫ БІЛІМ ОРДАСЫ

Қазіргі таңда жастар үшін сапалы білім алу маңызды өмірлік қадамдардың бірі. Мектеп қабырғасынан жана ұшқан әрбір түлек болашағы зор деген жоғары оқу орындарына түсуге талпынады. Сол себептен көбіне таңдау әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне тоқталады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - Қазақстанның жетекші ұлттық университеті мәртебесіне ие. Университет жоғарғы білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңестігінде интеграциялауға, өндіріске енгізлетін фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталатын кең көлемдік білім, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндіріші негізге сүйенді. Жұмыс берушілер жас мамандарды жұмысқа қабылдағанда ҚазҰУ дипломына басымдық беретіндігі сөзсіз.

Университетте білім беру ісі Болон

реформасына сәйкес жүргізіледі. Оқытудың кредиттік жүйесі толық күшіне енген. Университеттің жаңа даму кезеңінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жана Академиялық саясаты іске асырылды. Білім тексерудің Интранет жүйесі жолға қойылды. Құрамында 14 факультет, 98 кафедра, 20 ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, 2500-ден аса оқытушы-профессорлар, олардың арасында 400-ден аса ғылым докторы, 800-ден астам ғылым кандидаттары, доценттер бар. Тәжірибе жүргізу мен білімгерлермен алмасуда және заманауи халықаралық білім бағдарламаларын жүзеге асыруда әлемнің ең ірі 418 халықаралық жоғарғы оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқан. Университет білім алушы тұлғаның жан-жақты дамуына, өзін-өзі кемелдендіруге қажетті жағдай жасауда, студенттік өзін-өзі басқаруға, қобасшылық

қасиеттерді тәрбиелеуге мол мүмкіндікгер тудырады. ҚазҰУ қалашығының барлық аймағы тегін Wi-Fi сымсыз желісімен қамтылған.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің білікті де, білімді «менеджмент және маркетинг» кафедрасының ұжымын айтып кету жөн. Себебі, оқу орнының ғылыми-педагогикалық құрамы студенттің мүмкіндігін дамыту мен қалыптастыруда және өз мамандығының иесі болуында маңызды рөл атқарады. Кафедраның оқу үдерісі отандық бай салты бар жоғары мектеп пен шетелдік тәжірибе алу негізінде қалыптасқан.

Э.Баймұханбетова.

Экономика және Бизнес Жоғары мектебі «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының доценті, э.ғ.к.

А.Берденова.

Экономика және Бизнес Жоғары мектебі, «логистика» мамандығының 4 курс студенті.

## ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР

арналғанымен, оқушылар Ұлы Абайдың ғибратқа толы, тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдерін жатқа айтып, жас Абайдың дана Абайға айналған сөтінен қойылым да көрсетіп, өні шырқап, іс-шараның мән-маңызын арттыра түсті.

Абай атындағы мектеп-лицейдің 6 - сынып оқушы қыздары Ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың өлеңдерін нақышына келтіріп, жатқа айтты.

Еліміздің табиғи ресурстарға өте бай мемлекет екені белгілі. Жер асты байлықтарымызды өңдеп, толықтай игеріп, ел игілігіне жарату - терен білім-білік пен қыруар еңбекті талап етеді. Сондықтан қазіргі кездегі жас буының химия пәнін ден қоя

материалдық-техникалық базасы жоғары екендігін, студенттердің заман талабына сай лайықты білім алатындықтарын атап өтті. Түлектерді оқуға шақырды. Мамандық таңдауда қателеспеу керектігін, ешкімнің ықпалы мен мансап, мәртебе, жалақысына, өзге де жағдайларға қарамай, болашақ кәсіптеріне бейімділіктері мен ынталарына қарап ыңғайланулары қажеттігін тілдеріне тиек етті. Яя, білікті, ізденімпаз мамандардың қай салада да дәрежесінің биік, жағдайының жақсы болатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр емес пе?! Уақыт өткен сайын қарыштап дамып келе жатқан елімізде сұраныс артып отырған мамандықтар да аз емес. Мәселен,

отырған шәкірттердің өмірлеріне сабақ, келешектеріне сілтенген бағыт іспетті болды. С.Сейфуллин мектебінің оқушылары (ер балалар) ұлттық киіммен сахнаға шыға келіп, салықалы сөйле бастағанда-ақ, Абай дәуірін көз алдымызға әкелді. Тәрде қабағы қатуланып, әр сөзін салмақтай сөйлеп «Құнанбай» отыр. Жерге таласқан би-болыстар. Әке қателігін ішіне тоқып, терең ойға шомған жас Абай болыстықтан бас тартып, өз жолын Тәкежанға берді. Әкесі Абайға арзан мен қымбатты айыра алмайтын жайдақ су сияқтысын, дос пен қасты ажырата білмейсің, орысшылсын деген міндер тақты. Абайдың мірдің оғындай салмақты да әділ жауабы әкесін ойландырып тастады. Жалпы, бұл күні Абай мектеп-лицейі мен Сәкен Сейфуллин мектебінің оқушылары семинарға белсене қатысып, өз өнерлерін паш етті. Т.Иманбеков атындағы, Гагарин мектебінің оқушылары да өз қабілеттерін танытып, бірі Ұлы ақынның өлеңін жатқа айта, енді бірі монолог оқыды. Абай мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Анар Әбдібек шырқаған «Қазақстаным алға» өні баршаны патриоттық сезімнің құшағына беледі.

Шақырылған қонақтардың (жоғарыда аттары аталған) барлығы мектеп бітірушілерге ақыл-кеңестерін айтып, ақ армандарына қарай нық қадам басуларына, келешектерінің нұрлы болуына тілектестіктерін білдірді. Сонымен бірге, әрқайсысы өздері қызмет ететін оқу орындардың жетістіктерін айта келіп, оқу орнын жарнамалайтын парақтар таратты.

Семинар үлкен тағылымдық мөнге ие, тартымдылығымен қатысушыларға оң әсер қалдырды. Облыс орталығынан келген биология, химия саласының білікті ұстаздары, мамандар семинарды ұйымдастырушы аудандық білім бөлімінің әдіскері Ергазы Амангелдиев пен шығармашылық топтың мүшелеріне, барша мектеп мұғалімдеріне, Ф.Мұратбаев мектебінің ұжымына, оқушыларға ризашылықтарын білдірді.

Қортынды сөзді Дауан атындағы мектеп лицейінің 11- сынып оқушысы, «Алтын белгіге» үміткер Тұрсын Дінамұхаммед сөйледі.

Сонымен, жас түлек! «Мынау кірпіш дүниеге, кетігін тауып қаланып», жүрегінгіз қалаған кәсіптің майталманы болыңыздар!

Айгүл СҮНДЕТОВА.

# ІСІМ ОҢСЫН ДЕСЕҢІЗ...

қызығушылықпен оқып, жаратылыстану ғылымдарының маманы болуға атсалысуының маңызы зор. Бұл орайда, ұстаздар қауымының атқаратын ролі қомақты. Сондай-ақ, биология да - қазіргі кезде адамзат өмірінде аса маңызды рөл атқаратын ғылымдардың бірі. Биология саласы арқылы адамдардың жаратылысы, оның ішкі және сыртқы құрылысы, флора мен фауна әлемі туралы ақпарат алып, медицина саласын терен түсінуге болады. Адам, жануар, өсімдіктер әлемі атты өмірдің негізгі құраушыларын қамтитын бұл салаға қатысты мамандықтардың да көптеп кездесетіні сондықтан болар. Биология - күрделі сала болғанына қарамастан мектеп бағдарламасына кіріп, ҰБТ кезіндегі таңдаулы пәндердің қатарына енген. Былтырғы оқу жылында 424 мектеп бітіруші биологияны, 40 мектеп бітіруші химияны таңдаған. Бұл көрсеткіш айтарлықтай өзгермепті. Яғни, биыл 419 түлек биологияны, 252 түлек - физика мен химияны таңдапты. Химия, биология пәндерін таңдаған мектеп бітірушілердің көпшілігі медицина және басқа салаларды таңдаған. Ал, болашақта мұғалім болуға ынтылау қатары төмен. Кәсіптік бағдарлау: ақпараттандыру, диагностикалық, кеңес беру, іріктеу жүйелерін қамтиды.

Онтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушылары З.Керімбекова мен Е.Қалдықөзов республика бойынша беделді оқу орындарының бірі саналатын, өздері қызмет атқаратын тарихы терең оқу орнының

техникалық мамандықтарға деген сұраныс жоғары. Жас түлектер осы жағын да ескеру керек деп ойлаймын. Жерлесіміз Е.Қалдықөзов: - Біздің химия кафедрасының қызмет атқарып келе жатқанына 52 жыл болды. Түлектеріміз әр түрлі зауыттарда, мұнай өңдеу салаларында жұмыс істейді. Мұнай - байлықтың көзі. Елімізде мұнай өңдейтін 3 ірі зауыт, 40 шақты майда зауыт бар. Өкінішке орай, бізде әлі де мұнай-химия саласы толыққанды өркендемеген. Мысалы, қытайлар мұнайдан 300-ге жуық түрлі зат алады екен. Жеріміздің асты тұнған қазба байлықтар. Оларды шетелдік алпауыт компаниялардың, шетелдік мамандардың қолына беріп қоймай, өз мамандарымыз толықтай игеруге қол жеткізсе, жағдайымыз күрт жақсарып, халқымыз бай, қуатты болар еді. Сондықтан, сендер, жастар химия пәнін жақсы оқып, жоғары білім алып, білікті мұнай маманы болсаңдар, техникалық мамандықты жақсы игерсеңдер келешекте еліміздің нәсібісі артып, өз байлығымыздың түбегейлі қожайыны болар едік. Бізге оқуға келіңдер. Айналайындар, өмірде жар таңдау мен мамандық таңдауда қателесе көрмеңдер, - деп ағынан жарылды.

Семинарда С.Сейфуллин мектебінің 10-сынып оқушысы Әсел Әбдібек Абайдың ұрпаққа ұлағаты мол қарасөздерінің бірнешеуін ашық даусымен беріле айтқаны көпшіліктің көңілінен шықты. Семинарда орындалған Абайдың қарасөздері, мағынасы терең, ойлы өлеңдері, көрініс, монолог, бәрі-бәрі... алтын ұя мектептерінен түлеп ұшқалы

Болашаққа бастарды шара - табиғи заңдарын ұштау, мақсатында ақпанға жуық іріктеуші - күйші, бишілер қатарымен жасаған сәк Жандарбеков, Ядағұлова, ЖОМ жоғары талғамдық

керлерін саралап, атындағы мектеп мектептері, Абай сынов, Төле би, Шов, Брюсов және баға берді.

Мәдениет үйінде йге толды. Облыс мен зал толған шысы Сатыбалды «Шірін - ай» би оқушыларының мектебінің хор алды. Салтанатты шаптар оркестрінің және Ломоносов АЙПОЛПАННЫң жессия мүшелері осы арының өнерлерін деңгейден көріне

АЙЖАНЫСОВА, бінін директоры.

ЗАРЫНА шаруашылығын негіз несіе алуды

құлов ауылы. Бағады. Тел: 8-

Басқарма.